

**«Б» корпусының төменгі болып есептелетін бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға жалпы конкурс өткізеді**

**Барлық конкурс қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

**C-R-4 санаты үшін:** жоғары ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария) білім, мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария) білімі барларға рұқсат етіледі.

**Мынадай құзыреттердің бар болуы:** бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

**Жоғары білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.**

**C-R-5 санаты үшін:** жоғары ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария) білім, немесе орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білім ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария).

**Мынадай құзыреттердің бар болуы:** бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

**Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.**

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
C-R-4	73 288	99 106
C-R-5	64 960	88 279

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясы» ММ-сі, мекенжайы: индекс 020000, Көкшетау қаласы, Пушкин көшесі, 21 «А», анықтама телефоны: 8-(7162) 51-72-52, электрондық мекенжайы [akhmetova.g.e@minagri.gov.kz](mailto:akhmetova.g.e@minagri.gov.kz), «Б» корпусының төменгі болып есептелетін бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға жалпы конкурс өткізеді:

**1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Астрахан аудандық аумақтық инспекциясының жетекші маманы - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы, «C-R-5» санаты, 1 бірлік.**

Лауазымдық еңбек ақысы еңбек еткен жылына қарай 64 960 теңгеден 88 879 тенгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:** Жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» заңның талаптарын және нормативтік құқықтық актілер бойынша бақылауды және қадағалауды іске асырады; Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар бөлімшілерінің қызметтерін бақылайды және қадағалайды; Мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің қауіпсіздігін, ветеринариялық – санитариялық жағдайды бақылайды және қадағалайды, дер кезінде ескерту, жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуы және жануарлардың азықтан улануы себептері мен жағдайларын ашып, анықтайды, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ветеринария саласындағы бұзушылықты жояды; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарауына бақылауды іске асырады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** жоғары ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария) білім, немесе орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білім ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария).

**Мынадай құзыреттердің бар болуы:** бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

**Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.**

**2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бұланды аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы, (уақытша, 2020 жылғы 25 желтоқсанға дейін негізгі қызметкердің бала күту бойынша демалысы кезеңіне), «С-R-4» санаты, 1 бірлік.**

Лауазымдық еңбек ақысы еңбек еткен жылына қарай 73 288 теңгеден 99 106 тенгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:** Жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы Ветеринария заңының талаптарын және нормативтік құқықтық актілерін сақтауын бақылауды және қадағалауды іске асырады; Ветеринариялық – санитариялық бақылауға бағынышты аудан (қала) ішінде тасымалданатын жүктерді тасымалдау кезінде заңнаманы сақтауды бақылау, сонымен қатар жануарларды, олардың өнімдерімен шикізатты тасымалдау кезінде ветеринариялық – санитариялық ережені сақтауды қамтамасыз етеді; Ветеринария саласындағы қызметі жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар бөлімшілерінің қызметін бақылайды және қадағалайды; Өзіне жүктелген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттарды сұратады және алады; Инспекция жұмысына байланысты бағдарламаларды тіркеуге және жүргізуге бақылауды іске асырады; Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен ветеринариялық есеп пен есептіліктерді дер кезінде береді; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауы; Кіріс құжаттарын дер кезінде орындалуын қамтамасыз етеді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** жоғары ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария) білім, мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария) білімі барларға рұқсат етіледі.

**Мынадай құзыреттердің бар болуы:** бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

**Жоғары білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.**

**3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Біржан сал ауданының аумақтық инспекциясының бас маманы - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы «С-R-4» санаты, 1 бірлік.**

Лауазымдық еңбек ақысы еңбек еткен жылына қарай 73 288 теңгеден 99 106 тенгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:** Жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы Ветеринария заңының талаптарын және нормативтік құқықтық актілерін сақтауын бақылауды және қадағалауды іске асырады; Ветеринариялық – санитариялық бақылауға бағынышты аудан (қала) ішінде тасымалданатын жүктерді тасымалдау кезінде заңнаманы сақтауды бақылау, сонымен қатар жануарларды, олардың өнімдерімен шикізатты тасымалдау кезінде ветеринариялық – санитариялық ережені сақтауды қамтамасыз етеді; Ветеринария саласындағы қызметі жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар бөлімшілерінің қызметін бақылайды және қадағалайды; Өзіне жүктелген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттарды сұратады және алады; Инспекция жұмысына байланысты бағдарламаларды тіркеуге және жүргізуге бақылауды іске асырады; Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарында белгіленген тәртіппен ветеринариялық есеп пен есептіліктерді дер кезінде береді; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауы; Кіріс құжаттарын дер кезінде орындалуын қамтамасыз етеді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** жоғары ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария) білім, мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік ветеринария саласындағы (ветеринарлық медицина, ветеринариялық санитария) білімі барларға рұқсат етіледі.

**Мынадай құзыреттердің бар болуы:** бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

**Жоғары білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.**



**Конкурс** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары» (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде жүргізіледі.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады. Байқаушы ретінде тіркелу сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясының персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жүгіну қажет.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

- 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына кандидаттың қызметтік тізімі;
- 3) білімі туралы құжаттар мен олардың көшірмелерінің нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

"Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленуші, сондай-ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары; ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі.

"Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленушілерге берілген білімі туралы құжаттарға "Халықаралық бағдарламалар орталығы" Акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білімі туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған немесе жұмыс орнынан кадр қызметімен куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген 086/e нысандағы денсаулығы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде заңнаманы білуіне тестілеуден өткені туралы шекті мәннен төмен емес нәтижелері бар қолданыстағы сертификат (немесе сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

8) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалауды өту туралы қолданыстағы қорытынды (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

9) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 маусымда № 11304 тіркелді) бекітілген "Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

10) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 маусымда № 11304 тіркелді) бекітілген "Наркологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі).

Осы 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға рұқсат етіледі.

Бұл ретте, персоналды басқару қызмет (кадр қызметі) құжаттардың көшірмелерін түпнұсқалармен салыстырып тексереді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

**Жалпы** конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады тапсырады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электронды түрде электрондық почта не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы берілген жағдайда азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей береді.

Құжаттар уәкілетті органның және **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің** сайтында **жалпы** конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап **7 жұмыс күннің ішінде** ұсынылуы қажет.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесу жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап **3 жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясы» ММ** өтеді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұрғын жай жалдау, тұру, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.



«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына  
орналасуға конкурс өткізу  
қағидаларының 3-қосымшасы

**"Б" КОРПУСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК МЕМЛЕКЕТТІК  
ЛАУАЗЫМЫНА КАНДИДАТТЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ**

**ПОСЛУЖНОЙ СПИСОК  
КАНДИДАТА НА АДМИНИСТРАТИВНУЮ ГОСУДАРСТВЕННУЮ ДОЛЖНОСТЬ  
КОРПУСА "Б"**

<p>тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) / фамилия, имя, отчество (при наличии)</p>	<p>ФОТО (түрлітүсті/ цветное, 3x4)</p>
<p>лауазымы/должность, санаты/категория (болған жағдайда/при наличии)</p>	
<p><b>ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ</b></p>	
1. Туған күні және жері/ Дата и место рождения	
2. Ұлты (қалауы бойынша)/ Национальность (по желанию)	
3. Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/ Год окончания и наименование учебного заведения	
4. Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) / Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)	
5. Шетел тілдерін білуі/ Владение иностранными языками	
6. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) / Государственные награды, почетные звания (при наличии)	
7. Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныпты қшөні (болған жағдайда) / Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)	
<p>Жаза түрі, оны тағайындау күні мен</p>	



8.	негізі (болған жағдайда) /Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)	
9.	Соңғы үш жылдағы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күнімен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы көрсетіледі (мемлекеттік әкімшілік қызметшілер толтырады)/ Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период (заполняется государственными служащими)	
<b>Еңбек жолы/трудовая деятельность</b>		
Күні/Дата		қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации
қабылданған/ приема	босатылған/ увольнения	
<hr/> Кандидаттың қолы/ Подпись кандидата		<hr/> күні/дата